

**«БД021200-Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Буркитбаева Шығарай Дубировнаның «Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы: тарихи таным және
ұлттық бірегейлік (ахысқа түріктері, өзбек, ұйғыр, татар ақындарының шығармалары бойынша)»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ШҚІРҰ

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бөкіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы» бағытына сәйкес келеді және халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелерін қамтиды. Ізденушінің тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясын зерттеу нысаны етіп қолға алуы елімізде жүзеге асырылып жатқан «Мәдени Мұра» «Мәңгілік ел» жашыұлттық идеясы, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламаларымен де астасады. Сонымен қатар, Елбасының бастамасымен құрылған Қазақстан халықтары Ассамблеясының бірнеше бағдарламаларымен, соның ішінде қоғамдағы этносаралық шиеленістің алдын алу, этностардың келешектегі интеграциялануы, Ассамблеяның Қазақстан халқын азаматтық біртектілік пен бірлік қатидаттарына шоғырландыруға бағытталған арнайы жобаларына сай келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жотары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдарға арналған ғылым дамуының келесі басым бағытына сәйкес орындалған: 8) «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер»

	Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (Бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады. Диссертацияның құрылымы, тақырыбы, мазмұны жүйелі және ғылыми-географиялық тұрғыдан дәлелді, орындау сапасы жоғары деңгейде көрінген, практикалық тұрғыдан да өзекті мәселелерге арналған. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген түйіндер мен қорытындылар нақтылығымен, ғылыми көзқарастарының тиімділігімен маңызды. Диссертация нәтижелерін жоғары оқу орындарының филология факультетінде оқытылатын «Қазақстан халықтары әдебиеті», «Түркі халықтары әдебиеті», «Түркітануға кіріспе» пәндері бойынша, сондай-ақ осы бағыттағы зерттеулерде, семинарлар мен практикалық курстарда қосымша материал ретінде пайдалануға болады. Диссертациялық еңбек Түркітану ғылымының аясын кеңейте түсетін іргелі еңбектердің қатарына жатады.
3.	Өзі жазу принципі 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Бұл тақырыптың қазақстандық түркітану ғылымы үшін жаңа екені анық. Елімізде өмір сүріп жатқан түркі халықтары ақындарының шығармаларын қазақ тіліне аударып, жіктеу, олардың әдеби еңбектерінде көтерген тақырыптарын талдау ізденушінің өзі жазу деңгейінің жоғары екендігін дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі негізделген. Ізденушінің диссертациялық зерттеу жұмысының басты нысаны – Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейінгі елімізде өмір сүретін түркі халықтарының поэзиясын кезеңдерге бөліп, жүйелеп, әдеби тұлғаларын анықтау және түркі халықтары арасындағы ортақ түркілік ұлттық бірестікті, ел бірлігін нығайтуға негізделген. Сонымен қатар, Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтарының поэзиясы – байырғы түркі мәдениеті мен әдебиетінің жалғасы саналындағы рухани казына болғандықтан егемен еліміздің тәуелсіздігін нығайтуда айналып өтуге болмайтын рухани фактордың бірі ретінде негізделген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды	Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толық ашады. Диссертацияның құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш

<p>1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.</p> <p>Зерттеу еңбегінің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді, атап айтқанда, зерттеудің мақсаты: қазақ тілінде ғылыми айналысқа түспеген Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтарының (ахысқа түріктері, өзбек, ұйғыр, татар) поэзиялық шығармаларын кешенді түрде зерттеп, жүйелеп, тақырыптық-идеялық, жанрлық және көркемдік ерекшелігін ашып көрсету. Осы мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясын алғаш рет қазақ тілінде кезеңдерге бөліп, жүйелеп талдау; - Қазақстан Республикасында өмір сүріп жатқан түркі халықтары поэзиясының Қазақстан халықтары әдебиеті дамуы үдерісінде алатын орнын айқындау; - Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясында «Мәңгілік Ел» идеясына сай түркілік рух пен түркілік бірегейлік концепциясын талдау; - тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары әдебиетінің тарихи бастау негіздері – түркі қағанаттарынан қалған жазба ескерткіштер, қарахандықтар, Алтын Орда, Мысыр мәмлүктері сұлтандығы, Қазақ хандығы мемлекеттерінің ортақ әдеби мұраларымен сабақтастығын зерделеу; - ежелгі түркі өркениеті, мәдениеті мен әдебиетінің ұлттық сипатын атажұртта жапғастырып келе жатқан рухани қазына ретінде аса құнды ахысқа түріктері, өзбек, татар, ұйғыр ақындарының шығармаларындағы түркі халықтарына тұғыр болған Қазақстанды, қамкор қазақ халқын, т.б. маңызды мәселелерді жырлаған әдеби үрдіс жалғастығын көрсету; - Қазақстандағы түркі халықтары (ахысқа түріктері, өзбек, татар, ұйғыр) поэзиясындағы әр этностың шығармаларына тән ерекшеліктерін, басымдық берген тақырыптары мен қолданған жанрларын ашып талдау.
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан; 1) толық байланысқан;</p>		<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы бір-бірімен толық байланысқан. Диссертация алдына қойған мақсатты айқын және ішкі құрылысы мазмұны жағынан бірыңғай, жүйелі</p>

	<p>2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>ғылыми ізденіс болып есептеледі. Әрбір бөлім мен тармақшалардағы ой қорытындылары бір-бірімен үндеседі. Жұмысты орындау барысында ізденуші тарапынан осы тақырыпта жазылған іргелі еңбектердегі ой-қорытындыларды сыни ой елегі талдауынан өткізу арқылы өзара сабақтастықты бұзбай пайдалануға ұмтылыс жасалған.</p>
<p>5. Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелді, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, сыни талдау жасалған. Ізденуші түрік тілі мен әдебиетінің маманы болғандықтан бір-біріне тілдік тұрғыдан өте жақын туысқан халықтар ахыска түріктері, ұйғыр, өзбек, татар тілдеріндегі поэзиялық шығармаларды еркін аударып, талдап, салыстырған. Сонымен қатар, диссертацияда еліміздегі түркі этностарының жаңа, тың поэзиялық шығармалары талданып, түркі халықтарының тарихи бастау негіздері – түркі қағанаттарынан қалған жазба ескерткіштер, карахандықтар, Алтын Орда, Мысыр мәмлүктері сұлтандығы, Қазақ хандығы мемлекеттерінің ортақ әдеби мұраларымен сабақтастығы зертделген.</p> <p>Зерттеу жұмыстағы ғылыми нәтижелер мен қағидағтар толығымен жаңа. Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында келесі жаңа нәтижелерге қол жеткізген:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Зерттеу жұмысында Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы тұңғыш рет кезеңдерге бөлініп, жүйеленіп, ақындары танылып, шығармалары талданып, қазақ тілінде зерттелген. Бұл толыққанды ғылыми жаңалық болып саналады. 2. Қазақстан мемлекетінде өмір сүріп жатқан түркі халықтары поэзиясының Қазақстан халықтары әдебиеті дамуы үдерісінде алатын орны айқындалған. Бұл толығымен ғылыми жаңалық болып саналады. 3. Ахыска түріктері, өзбек, татар, ұйғыр ақындары шығармаларына тән түркілік рух пен болмыс, ортақ түркілік ұлттық бірегейлік концепциясы талданған. Бұл жартылай ғылыми жаңалық бола алады. 4. Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтарының поэзиясы –

	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жана болып табыла ма? 1) <u>толығымен жана</u>; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>Гайырғы түркі мәдениеті мен әдебиетінің жалғасы болып келе жатқан рухани казына. Бұл жайт егемен еліміздің тәуелсіздігін нығайтуда айналып өтуге болмайтын рухани фактордың бірі деп есептелінеді. Бұл жартылай ғылыми жаналық бола алады.</p> <p>5. Қазақстандағы түркі халықтары ақындарының жырларында «Мәңгілік Ел» идеологиясы және ортақ түркілік ұлттық құндылық мәселелерінің насихатталуы зерделенген. Бұл толық ғылыми жаналық болып саналады.</p> <p>6. Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының түпкі ортақ әдеби негіздерінің сақталуындағы және арқайсысының өзіндік ұлттық сипатпен даралана дамуындағы тарихи-мәдени өзгешеліктер сараланған. Бұл жартылай ғылыми жаналық бола алады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе? 1) <u>толығымен жана</u>; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>Ғылыми жұмыс зерттеу нәтижелеріне негізделген және барлық шешімдері жана.</p>
<p>6. Негізгі қорытындыларды негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Ізденуші Ш.Д. Бүркітбаеваның барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Нақтырақ айтқанда, зерттеу нысанындағы түркі этностары ахысқа түріктері, ұйғырлар, өзбектер мен татарлардың ел ішінде танылған, еңбектері баспаханалардан басылып, жарияланған ақын-жырауларының поэзиялық шығармаларын жинап, аударып, талдаған. Қорытынды бөлімінде зерттеу аясындағы түркі халықтары поэзиясының еліміздегі даму барысын пайыздық мөлшерлемелен статистика бойынша көрсеткен.</p>

7.	<p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар</p>	<p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиялды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>
		<p>1-қағидағ. Алғаш рет казак тілінде кезеңдерге бөлініп, жүйеленіп, ақындары танылып, шығармалары талданған Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары (ахыска түріктері, өзбек, татар, ұйғыр) поэзиясы өз бағасын алды.</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденген (1)</p> <p>7.2 Тривиялды емес (2)</p> <p>7.3 ия, жаңа (1).</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3)</p> <p>7.5 ия, Вүкїтбауева Sh. D. National unity in the poetry of the Turkish people in independent Kazakhstan. Наука и Жизнь Казахстана, 2020 г., №3 с.345-349, издательство: Рек. КЖСОН МОН РК. (1)</p> <p>2-қағидағ. Қазақстан Республикасында өмір сүріп жатқан түркі халықтары поэзиясы Қазақстан халықтары әдебиетінің бір саясы ретінде қарастырылды.</p> <p>7.1 (1) дәлелденді</p> <p>7.2 (2) жоқ</p> <p>7.3 (1) ия</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3)</p> <p>7.5 ия, Вүкїтбауева Шыпауа, Натісе Шітіп. Вағымсыз Қазақстан'да Татағ Шітіп. Motif Akademі Naıkılıмі Dergisi, 2020, Cilt: 13, Sayı: 31, 1238-1247s.;</p> <p>Бүркітбаева Ш.Д. Қазақстандағы түркі халықтарының әдебиетін оқытудың маңыздылығы. «Қазіргі заманғы түркітану» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары әдістемелік конференция материалдары. Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2017, 17 – қараша. 260-263 б. (1)</p> <p>3-қағидағ. Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары (ахыска түріктері, өзбек, ұйғыр, татар) әдебиеті қазақтың ұлттық, түркілік рухани мәдениетінің, ортақ түркілік ұлттық құндылықтарын, «Мәңгілік Ел» идеологиясын байытта дамытуда өзіндік үлесі бар ықпалды сала болып табылады.</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиялды емес (2).</p> <p>7.3 Жаңа (1).</p>

7.4 Қолдану деңгейі кен (3)
7.5 иә, Бүкітбаева Ш. Д. National unity in the poetry of the Turkish people in independent Kazakhstan. Наука и Жизнь Казахстана, 2020 г., №3 с.345-349, издательство: Рек. ККСОН МОН РК. (1)

4-қағидаг. Түркі халықтары әдебиеті өз қайнар бастауын – түркі қағанаттарынан қалған жазба ескерткіштер, қарахандықтар, Алтын Орда, Мысыр мамлүктері сұлтанлығы, Қазақ хандығы мемлекеттерінің ортақ әдеби мұраларынан алады. Түркі халықтары поэзиясы байырғы түркі өркениеті, мәдениеті мен әдебиетінің ұлттық сипатын атажұртта жалғастырып келе жатқан рухани қазына ретінде аса құнды.

7.1 Қағидаг дәлелденген (1).

7.2 Тривиалды емес (2).

7.3 Жана (1).

7.4 Қолдану деңгейі кен (3)

7.5 иә, Демісі, Нікмет; Бүікүтбаева, Шырагу. “Kazak Misalifergeretigi: Ülñ, Misalfr Ađırlama ve Tavak Kültürü” Millñ Folklor 126(Үаз2020): 198-209s. (1)

5-қағидаг. Еліміздегі түркі халықтары шығармалары түркі қаламгерлеріне ортақ ағартушылық, әдеби-шынғармашылық дәстүр сабақтастығын танытып, тәуелсіз мемлекет, ұлт болу мақсаты жолындағы түркі халықтарының ортақ мұратын, байырғы атамекендерін, өмір, табиғат құбылыстарын, тарихи тұлғаларды, түркі халықтарына тұғыр болған Қазақстанды, қамқор қазақ халқын, т.б. манызды мәселелерді жырлаған әдеби үрдіс жалғастығын танытады.

7.1 Қағидаг дәлелденген (1).

7.2 Тривиалды емес (2).

7.3 Жана (1).

7.4 Қолдану деңгейі кен (3)

7.5 иә, Бүкітбаева Ш.Д. Lyrics about nature in Uighur poetry in Kazakhstan. ВЕСТНИК Евразийского национального университета имени Д.Н. Гумилева. Серия Полит. науки. Регионоведение.

		<p>Востоковедение. Тюркология №3(136) 2021. 140-149 б. (1).</p> <p><u>6-қағида</u>. Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының азаматтық-отаншылдық, ортақ түркілік ұлттық бірегейлік сарындағы шығармалары әдеби дамудың ортақ сипатын, ортақ түркілік болмысын көрсетуімен қатар, ұйғыр мен ахысқа түріктері поэзиясы байырғы атамекенді, отанды, түркілік рухты басымырақ жырлауымен ерекшеленсе, өзбек пен татар поэзиясының туған жер, табиғат, өмір құбылыстары, тәлім-тәрбие, діни-исламдық тақырыптарды көп қозғағандығы айқындалды.</p> <p>7.1 Қағидаг дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиялды емес (2).</p> <p>7.3 Жана (1).</p> <p>7.4 Колдану деңгейі кең (3)</p> <p>7.5 иә, Дербісәлі Ә.Б., Бүркітбаева Ш.Д. Дидактикалық-философиялық өлеңдер – халықтық тәлім-тәрбие негізі (қазақстандық өзбек ақындары поэзиясы бойынша) Қыздар Педагогикалық Мемлекеттік Университетінің Хабаршысы. №2 (78) 2019. 86-89б. (1)</p>
<p>8.</p> <p>Дәйектілік принципі</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің тандауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Ғылыми еңбекті жазу барысында жинақтау, сараптау, жүйелі-кешенді бірізге салу, тарихи тұрғыда салыстыру т.б. әдістер пайдаланылған. Оған қоса сапалы деректер жинау үшін зерттеу нысанындағы түркі этностарының қазақ жерінде өсіп-өркендеу барысын ресми анықтау мақсатында, сондай-ақ жекелеген ақындардың жырларын жинау үшін аталмыш түркі этностарының респуббликалық, облыстық, қалалық, аудандық мәдени орталықтарымен, Алматы қаласындағы «Достық» үйімен байланыс жүргізіген.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>

	<p>2) жок</p> <p>8.3 Теориялык корытындылар, модельдер, аныктаган өзара байланыстар және замдылыктар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталган (педагогикалык ғылымдар бойынша даярлау багыттары үшін натижелер педагогикалык эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия:</p> <p>2) жок</p> <p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталган/шінара расталган/расталмаган</u></p> <p>8.5 Пайдаланылган әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Иә. Зерттеу еңбекте теориялык корытындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталган.</p>
<p>9</p> <p>Практикалык құндылык принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялык манызы бар:</p> <p>1) ия:</p> <p>2) жок</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалык манызы бар және алынган натижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия:</p> <p>2) жок</p>	<p>Иә, докторлык диссертацияның теориялык манызы бар. Диссертациялык жұмыстың натижелері түркітану, халықаралык катынастар саласындағы байланыстарды талдауға катысты зерттеулерге үлес қосатындығы анық. Диссертациялык зерттеудің барысында пайдаланылган теориялык-әдіснамалык ұстанымдар мен принциптерді келешекте басқа да ғылыми зерттеу жұмыстарында колдануға болады.</p> <p>Иә. Зерттеу еңбектің практикалык манызы бар және алынган натижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары. Диссертациялык жұмыстың натижелерін жоғары оқу орындарындағы «Қазақстан халықтары әдебиеті», «Түркі халықтары әдебиетінің тарихы», «Шет елдер әдебиетінің тарихы», «Түркітануға кіріспе» пәндерінен оқылатын лекция, семинар,</p>

	9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	арнайы курс, арнайы семинар сабақтарында көмекші оқу құралы ретінде пайдалануға болады. Практикалық ұсыныстар толығымен жана болып табылады, себебі ол тақырыптың өзектілігінде, қатілағары мен тұжырымдарында, қорытындысында көрініс тапқан. Шетелдік және отандық ғалымдар Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясын кешенді түрде арнайы зерттемеген.
10. Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Докторлық диссертация ғылыми тілде, сауатты жазылған, техникалық тұрғыдан дұрыс ресімделген және мемлекеттік стандарттарға сәйкес жазылған.

Докторант Буржибаева Шынарай Дубиrowна «6D021200-Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деген ұсыныс білдіремін.

Ресми рецензент:

Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия Ұлттық университеті
казак әдебиеті кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы

Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы

